

**«ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ**

**«ОРЫС МЕКТЕБІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІ БОЙЫНША
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ҮШІНШІ (ОБЛЫСТЫҚ)
КЕЗЕҢІ (2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ)**

__10__ сынып, __1__ тур

Жұмыс уақыты: 90 минут

I Оқылым бойынша ұпай саны – 30 балл

- 1. Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес ретпен (бірізділікпен) орналастыру. (5 балл)
- 2. 1-ші тапсырмадағы сұрақтарға өз сөзімен жауап жазу. (10 балл)
- 3. Мәтінде берілген мәліметті қайда қолдануға болатынын жазу (5 балл)
- 4. Мәтінге қатысты қосымша ақпарат келтіру. (5 балл)
- 5. Мәтінге тақырып қою. (5 балл)

II Жазылым бойынша ұпай саны – 30 балл

- Жеке көзқарастың көрінісі (5 балл);
- Фактілі дәлелдер (аргументтер) (5 балл);
- Салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану; (5 балл);
- Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы) (5 балл);
- Өмірмен байланыс (5 балл);
- Эссе құрылымының сақталуы (5 балл).

10-сынып 1-тур

Оқылым

Қазақ ханы әз-Тәуке «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» жетілдіріп, «Жеті жарғы» заңдар жинағын жарыққа шығарғаны белгілі. XVII ғасырда қазақ хандығына жан-жақтан қауіп төніп, ел бірлігі әлсірей бастайды. Осы кезде Тәуке хан хандықты нығайтуға күш салды. Бұл үшін мықты билік пен бірлікті қамтамасыз ете алатын жаңа заңдар қажет болды. Тәуке хан қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі әдеп-ғұрыптары мен өзінен бұрынғы хандар қабылдаған «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» негізге алып, жаңа заң жүйесін жарыққа шығарды. Күлтөбенің басында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер бас қосып, «Тәуке ханның Жеті жарғысы» деген атауға ие болған заңдар жиынтығын қабылдады. «Жеті жарғының» толық нұсқасы сақталмаған. Жеті жарғы аталуы себебі Тәуке хан енгізген жеті өзгеріске байланысты. «Жеті жарғы» заңдар жинағы бойынша қазақтың тайпа, ру басшылары жылына бір рет жиналған. Бұл жиындарда мемлекеттің сыртқы және ішкі жағдайына байланысты мәселелер шешілді. Жеті жарғыда жазаның ең көп тараған түрі – төрт түлік малмен құн төлеу болған. Ал ауыр қылмыс жасаған адамға өлім жазасы берілген. Қылмыстық істерді билер соты қараған. «Жеті жарғыны» қазақ халқы XIX ғасырдың ортасына дейін пайдаланып келді. Ал кейбір заңдар Қазан төңкерісіне дейін қолданылды. Жоғарыда атап өткеніміздей, біздің заманымызға «Жеті жарғының» түпнұсқасы жеткен жоқ. Алғаш рет орыс ғалымы Г. Спасский жаппас руының старшыны Күбек Шүкіралиевтің мәліметтері негізінде «Жеті жарғының» 11 үзіндісін 1820-шы жылы «Сибирский вестник» баспасөзінің бетінде жариялады.

(Гүлжанат Әбдімомынова)

Оқылым тапсырмалары. 30 балл

1. Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес ретпен (бірізділікпен) орналастырыңыз. (5 балл)

- А) «Жеті жарғы» заңдар жинағы қалай қабылданды?
 - Ә) Ең көп тараған жаза түрі қандай болды?
 - Б) «Жеті жарғы» заңын қабылдауға бастамашы болған хан кім?
 - В) Бас қосуларда қандай мәселелер талқыланған?
2. 1-ші тапсырмадағы сұрақтарға өз сөзіңізбен жауап жазыңыз. (10 балл)
3. Мәтінде берілген мәліметті қайда қолдануға болады? (5 балл)
4. Мәтінге қатысты қосымша ақпарат келтіріңіз. (5 балл)
5. Мәтінге тақырып қойыңыз. (5 балл)

Жазылым. 30 балл

Әдеби эссе тақырыптары

1. Өзге елде сұлтан болғанша
2. Алматы ауасының ластануының тұрғындар денсаулығына әсері
3. Баланың басты міндеті – білім алу.
4. Бәсекеге қабілетті болу – заман талабы.
5. Әлемге танытқан Абайды.

Критерийлер:

- Эссе құрылымының сақталуы (5 балл)
- Оқушының жеке көзқарасын білдіруі (5 балл)
- Өмірмен байланыстыруы (5 балл);
- Ұсынылған тезистердің нақты дәлелдемелермен дәйектелуі (аргументтер) (5 балл);
- Тақырып бойынша ой жүйесі; мағыналық тұтастық (5 балл);
- Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы) (5 балл).

1-тур бойынша ұпай саны – 60 балл